

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2024 жылға және 2025 – 2027 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндерін бекіту туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 16 шілдедегі № 83 шешімі

Келісілген макроэкономикалық саясатты жүргізу туралы хаттаманың 4-тармағының 5-тармақшасына сәйкес (Еуразиялық экономикалық одақ туралы 2014 жылғы 29 мамырдағы шартқа тіркелген № 14 қосымша) Еуразиялық экономикалық комиссия алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік – экономикалық дамуының 2024 жылға және 2025-2027 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәні бекітілсін.

2. Осы шешім ресми жарияланған күннен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық
комиссия алқасы төрағасының
міндетін уақытша атқарушы*

Б. Сұлтанов

Еуразиялық экономикалық
комиссия алқасының
2024 жылғы 16 шілдедегі
№ 83 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің әлеуметтік-экономикалық дамуының 2024 жылға және 2025 – 2027 жылдар кезеңіне арналған ресми болжамдарын дайындау үшін болжамдардың сыртқы параметрлерінің аралық сандық мәндері

	Өлшеу бірлігі	Болжам			
		2024 жыл	2025 жыл	2026 жыл	2027 жыл
1. Әлемдік экономиканың даму қарқыны болжамдарының аралық сандық мәндері (сатып алу қабілетінің тепе-теңдігі бойынша есебі)	өткен жылға қосылатын пайыздар	2,4 – 3,2	2,6 – 3,2	2,7 – 3,2	2,7 – 3,1

2. Brent маркалы мұнай бағасы болжамдарының аралық сандық мәндері	барреліне АҚШ доллары	77,5 – 87,0	68,8 – 85,0	62,1 – 76,0	59,1 – 72,0
---	-----------------------	-------------	-------------	-------------	-------------

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК